

ҚР МОМ ЭКСПОЗИЦИЯСЫ

Орындаған: Тургумбаева Е.

Қабылдаған: Сапатаев С.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі - Орталық Азиядағы ең ірі музейлердің бірі. Оның алғашқы коллекциялары ХІХ ғасырдың 30 жылдары Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесіндегі «Орынбор өлкесінің Музеумінде» жинақталған. Кейіннен музей қоры Жетісу облыстық музейі, казак әскері және дінге қарсы күрес республикалық комитетінің коллекцияларымен толықты.
- 1931 жылдан бастап музей Верный қаласының танымал сәулетшісі А.П. Зенковтың жобасымен 1904 – 1907 жж. салынған бұрынғы Кафедралдық собор ғимаратында орналасты.
- Музейдің қазіргі ғимараты 1985 жылы сәулетшілер Ю.Ратушный, З.Мустафина және Б.Рзагалиевтің жобалары бойынша салынған. Бүгінде ҚР Мемлекеттік Орталық музей қоры материалдық және рухан мәдениеттің үш жүз мыңға жуық құндылықтарынан тұрады. Музейде негізгі жеті экспозициялық зал жұмыс істейді.



- **Тарихи этнография залы** - зал экспозициясы ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі Қазақстан тарихына арналған (музей директоры – Нұрсан Әлімбаевтің жетекшілігімен және ғылыми концепциясы бойынша 2008 жылы жаңартылды). Экспозициялық зал қазақтардың дәстүрлі мәдениетіне, яғни тіршілік қамы жүйесіне, шаруашылық және тұрмыстық салтына, рухани мәдениетіне арналған. Қазақ қоғамының негізгі сипаттары көрсетіліп, көшпелілердің мәдени дәстүрлерінің өзіндік ерекшеліктері бейнелі түрде беріледі. Композициялық жағынан зал кіші және үлкен айналымнан тұрады.



- Экспозициялық кешендер Қазақ хандығының құрылуы, мемлекеттіліктің құрылуы мен дамуы, жоңғарларға қарсы күрес, қазақ жерінің Ресей құрамына кіруі сияқты кезеңдерді тарихи көрнектермен баяндайды. Залдан орын алған этнографиялық материалдар қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмысы мен дүниетанымдық көзқарастарынан, бай рухани және материалдық мәдениетінен сыр шертеді. Залдан түпнұсқа фотоматериалдар, сирек кездесетін кітаптар, картографиялық материалдар, тұрмыстық және халық қолданбалы өнері бұйымдарын, сонымен қатар қазақ халқының киім-кешектері мен кілем тоқу өнерін көруге болады. Залдың орталық алаңына қазақ мәдениетінің бірегей символы саналатын - киіз үй орналастырылған







